



№101 (9988)
23 желтоқсан
сенбі
2023 жыл

Жалағаш жаршысы



«zhalagash-zharshysy.kz»
ақпараттық агенттігі

Аудандық қоғамдық-саяси газет

Газет 1934 жылдың 10 қаңтарынан бастап шығады

Ел жаңалықтары

Бағаны өсіргендер жауапқа тартылды

Еліміздің 5 өңірінде әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының бағасы төмендеді. Мәселен, Қостанайда жеткізу тізбегінен делдалды алып тастау есебінен қарақұмық бағасы 25 пайызға, яғни 340 теңгеден 260 теңгеге дейін арзандаған.



Солтүстік Қазақстан облысында дәл осындай алгоритм бойынша супермаркеттер желісіндегі қарақұмық бағасы 3 кәліптамасы үшін 2 374 теңгеден 1 450 теңгеге дейін төмендеген. Ал ШҚО-да қаржылық мониторинг агенттігінің аумақтық департаменті бастамасымен білім беру мекемелерінде алдағы жылға қарақұмық пен қантты сатып алу бағасы қайта қаралған. Орташа алғанда өнімдер құны 30 пайызға, нақтырақ айтсақ, қарақұмық 625-тен 420 теңгеге, қант 536-дан 435 теңгеге төмендеген. Сондай-ақ Ақмола және Қызылорда облыстарында қант пен ұнға сауда үстемесін бірнеше рет асырғаны үшін 2 көтерме жеткізуші жауапқа тартылған. Нәтижесінде аталған тауарлар бағасы шамамен 15 пайызға арзандаған.

«ЖЖ» ақпарат

Аңдатпа

Соғыс оты өршіп тұр



4-БЕТТЕ.

«Газет – халықтың көзі, құлағы һәм тілі»
Ахмет Байтұрсынов



Қадірлі оқырман!

Мерзімді басылымдарға 2024 жылдың I жартыжылдығына жазылу басталды. Ел жаңалығын білгіңіз келсе, сүйікті газетіңізден қол үзеңіз.



Үкімет



Қызылорда әуежайының өткізу қабілеті артады

Кезекті Үкімет отырысында авиация саласын дамыту мәселелері қаралды. Өз саласы бойынша Көлік министрі Марат Қарабаев баяндама жасады. Оның мәлімдеуінше, биыл 11 айда отандық әуе компаниялары 12,3 млн жолаушы тасымалдаған, бұл өткен жылмен салыстырғанда 23 пайызға жоғары. Жыл қорытындысымен аталған көрсеткішті 13 млн-ға дейін жеткізу жоспарда бар.

Әуежайларда қызмет көрсету көлемі 25 пайызға артып, 24 млн жолаушыны құрады. Айтарлықтай өсім Алматы және Астана әуежайларында байқалады, онда биыл тиісінше рекордтық 9 млн және 7 млн жолаушыға қызмет көрсетілген. Сондай-ақ әуежайларда өңделген жүк көлемі де ұлғайып, жыл басынан бері көрсеткіш 130 мың тоннаны құрады. Министрдің сөзінше, әуе тасымалына өсіп келе жатқан сұранысты қанағаттандыру үшін әуежай инфрақұрылымын жаңғырту жұмыстары жалғасуда. Келер жылы наурыз айында Шымкент, мамыр айында Қызылорда және маусым айында Алматы қалаларындағы әуежайларда жаңа жолаушылар терминалдарының құрылысы аяқталады. Аталған жұмыстарға 150 млрд теңгеден астам жеке инвестиция

тартылған. Жобаларды жүзеге асыру нәтижесінде Алматы қаласы әуежайының өткізу қабілеті 5, Қызылорда әуежайының 6, Шымкенттікі 7 есе ұлғаяды. Келер жылы Біріккен Араб Әмірліктерінің инвесторы астаналық әуежайдың ұшу-қону жолағын өз қаражаты есебінен реконструкциялауға кіріседі, бұл – жаңа басқарушы компанияның алдына қойылған бірінші кезектегі міндеттердің бірі. Сондай-ақ 2024 жылы Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес Павлодар қаласы әуежайының ұшу-қону жолағын және Балқаш қаласы әуежайының перроны мен жүру жолағын реконструкциялау бойынша жұмыстар басталады. Бүгінде Ақтөбе, Түркістан және Қызылорда әуежайларын осы салада тәжірибесі бар жаһандық ірі инвесторларға сенімгерлік басқаруға беру

бойынша келіссөздер жүріп жатыр. Жалпы аталған жұмыстарға 2,4 млрд доллар жеке инвестиция, соның ішінде шетелдік инвестициялар тартылып жатыр. Алдағы уақытта елдің транзиттік әлеуетін бұдан әрі арттыру мақсатында жерүсті инфрақұрылымын дамыта отырып, 3 бағытта жұмыс атқарылады. Министрдің сөзінше, отандық зауыттардың өндірісін JET A-1 өндірісіне қайта бағдарлау авиацияның көлемін айтарлықтай ұлғайтпайды. Оған қоса барлық әуежайдың инфрақұрылымын JET A-1 қабылдауға өткізу үшін қомақты қаражат қажет. Сондықтан әуежайлар өз мүмкіндіктерін ескере отырып, ретімен қажеттіліктеріне қарай осы жанармай маркасын пайдалануға көшеді. Бұдан басқа авиацияның түпкілікті құнына әсер ететін

делдалдық құрылымдарды болдырмау мақсатында импорттық авиацияны шетелдік мұнай өңдеу зауыттарынан тікелей сатып алу мәселесі пысықталуда. Көлік министрінің мәлімдеуінше, әуежайлардағы арнайы техника мен жабдықтардың тозу деңгейі 50 пайызды құрайды, жуырда 230 техниканы жаңарту қажет. Сонымен қатар барлық әуежайда мобильділігі төмен жолаушыларға қажетті жағдайларды қамтамасыз ету үшін мүгедектер арбасын және амбулифт сатып алу маңызды мәселе болып тұр. Бұл жобаларды қаржыландыру жұмыстары жеке әуежайлар үшін өз қаражаты немесе жеңілдетілген несиелер есебінен атқарылады. Министр әуе арқылы тасымалдау желісі, оның ішінде ішкі және халықаралық тасымалдарды дамыту, әуе кемелерінің паркін толықтыру, шағын авиацияны дамыту және кадрмен қамтамасыз ету туралы сөз қозғады. Ішкі әуе тасымалдарын қазақстандық 5 тасымалдаушы жүзеге асырады. Алтасына 644 рейс орындалады, бұл өткен жылмен салыстырғанда 7 пайызға артық.

ЖАЛҒАСЫ 2-БЕТТЕ

Жыл адамы



Білікті бапкер

Астанадан ақжолтай хабар жетті. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Қазақстан халқына Жолдауын қоғамға қазаннан насихаттау мақсатында «Жаңа Қазақстанның Жыл Адамы» атты республикалық байқау өтті. Оған аудандық «Наркескен» спорт клубының спорт нұсқаушысы Азамат Зәуребаев қатысқан болатын.

Еліміздің түкпір-түкпірінен жиналған спортшылар ел игілігі үшін атқарып жүрген еңбектерінің жемісін көріп, түрлі марапатқа ие болды. Солардың бірі – қоғам дамуына қосқан ерекше еңбегі үшін Азамат Зәуребаев «Жаңа Қазақстанның жыл адамы» орденімен марапатталды. Бұл хабарды ести салысымен Бұқарбай батыр ауылының спортшысына хабарластық. Ауыл тұрғындары бүгінге дейін

бірнеше байрақты бәсекеде топ жарған, шағын ауылда қажырлы еңбек етіп, ауыл жастарын спортқа баулып, өзі сияқты сала сапақтарының көптеп шығуына жүйелі жұмыс жасаған Азамат бұл марапатқа өбден лайық. Себебі 2014 жылы аталған ауылға спорт нұсқаушы болып орналасқан ол қаншама спорт түрінен команда шығарып, жекелеген спортшыларды да дайындап, жеңіс тұғырынан көрінуіне ықпал еткен.

Бұған дейін де кейіпкеріміз Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың жастарға деген қолдауының аясында, елімізге еңбек сіңген ауыл жастарының жұмысын бағалай отырып, Қазақстан ауылдарының үздік жастарын анықтау мақсатында «Тәуелсіз ел жастары» қоғамдық қорының ұйымдастыруымен өткен республикалық байқауға қатысып, арнайы «Құрмет» грамотасы мен төсбелгісін иеленген еді.

ЖАЛҒАСЫ 3-БЕТТЕ

